

Глубокий аудандық әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2006 жылғы 24 қарашадағы N 820 қаулысы және Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2006 жылғы 5 желтоқсандағы N 20/326-III шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2006 жылғы 21 желтоқсанда N 2437 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2), 3) тармақшасына сәйкес, Глубокий аудандық мәслихатының 2005 жылғы 2 маусымдағы N 4/12-III және әкімдігінің 2005 жылғы 14 маусымдағы N 1178 бірлескен шешімі мен қаулысы негізінде Шығыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** және Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Глубокий ауданы Бобровка ауылдық округінің құрамынан Степное, Каменный карьер және Комсомольское ауылдарын бөліп берумен, Ушанов ауылында орналасқан әкімшілік орталығы бар Глубокий ауданы Ушанов ауылдық округі деген әкімшілік-аумақтық құрылым құрылсын.

2. Шығыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2005 жылғы 18 қазандағы N 13/197-III шешімі және Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 5 қазандағы N 319 қаулысы жойылсын.

3. Осы шешім мен қаулы 2005 жылғы 18 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Облыс әкімі

О б л ы с т ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

х а т ш ы с ы